

## **"Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 қарашадағы № 544 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 қарашада № 25003 болып тіркелді

"Ғылым" туралы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*А. Аймағамбетов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

**"Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғылым" туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан ғалымдарға, ғылыми ұйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) ғылыми қызметкерлеріне "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын (бұдан әрі – сыйлық) беру тәртібін айқындайды.

**2-тарау. "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру тәртібі**

2. Ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзінің Интернет-ресурсында "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) өтетіндігі туралы хабарландыру орналастырады.

3. Үміткерлер Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы келесі құжаттарды тапсырады:

1) сыйлықтарды алу конкурсына қатысу үшін осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес үлгідегі өтінім;

2) сыйлық беруге үміткердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштеріне сәйкес мәліметтер;

3) ғылыми ұйымдардың және ЖЖОКБҰ консультативтік-кеңесші органының өтінішхаты (ұсынысы);

4) жұмыс орнымен расталған кадрларды есепке алу жеке іс парағы;

5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Конкурсқа материалдар уәкілетті органмен конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ақпараттық жүйе арқылы қабылданады.

4. Конкурстық құжаттарды қарау және сыйлықтарды тағайындау мәселесі бойынша шешімдер дайындау үшін уәкілетті орган министрінің бұйрығымен бекітілетін конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия қазақстандық ғалымдар, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы уәкілетті органның, салалық уәкілетті органдардың, ғылыми ұйымдардың, ЖЖОКБҰ және ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құрылады.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде 25 (жиырма бес) адамды құрайды. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссия отырыстары оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Комиссия мүшелері комиссия жұмысына:

1) үміткермен соңғы бес жылдағы бірлескен авторлықты қоса алғанда, ортақ жарияланымдары болған жағдайда;

2) соңғы 5 (бес) жыл ішінде конкурсқа үміткерге тікелей басшылық жасаса, оның қарамағында болса немесе оған консультациялық қызметтер көрсетсе;

3) үміткермен некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) немесе жақын туыстық қатынаста болған жағдайда;

4) үміткердің ата-анасымен, жұбайымен (зайыбымен) жақын туыстық қатынаста болған жағдайда;

5) егер комиссия мүшесі үміткердің диссертациялық жұмысының ғылыми жетекшісі болса немесе болып табылса қатыспайды.

5. Сыйлық беруге үміткердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштерін Комиссия айқындайды.

6. Сыйлық беруге үміткердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштері мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

1) ғылыми дәреженің болуы;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі беретін ғылыми атағының болуы;

3) ғылыми жобалар мен бағдарламаларға басшылық ету;

4) ғылыми нәтижелердің болуы (мақалалар немесе шолулар, отандық және шетелдік монографиялар, монографиядағы тарау, патенттер, енгізулер және т.б.);

5) соңғы жылы университетте кемінде бір пәнді немесе бірнеше пәндерді оқыту;

6) соңғы 3 жыл ішінде философия докторы (PhD) немесе сала докторы ғылыми дәрежесін алған кадрларды дайындау;

7) өндіріске енгізу үшін ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің расталған нәтижелері;

8) тиісті құқықтық құжаттармен расталған (комиссиялар, жұмыс топтары, сараптамалық топтар, жобалық кеңселер) ғылымды дамыту және ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысу.

7. Комиссия мүшелерінің арасынан Сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарау үшін ғылым салалары бойынша секциялар құрылады. Секциялар жұмыстарды бағалайды және Комиссия айқындаған ғылыми жетістіктерді бағалау көрсеткіштеріне сәйкес әрбір үміткер бойынша қорытынды береді.

Секция жұмысын Комиссия отырысына қатысушы мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланған жетекші басқарады. Әр секция кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады.

Секциялар Комиссия айқындаған көрсеткіштерге сәйкес әрбір қатысушы бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде қорытынды береді.

8. Сыйлық алуға ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) конкурстық материалдар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ұсынылған материалдар толық болмаған жағдайда құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (он) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімше алдын ала тексеру нәтижелері бойынша ақпараттық жүйе арқылы үміткердің өтінімін пысықтауға жібереді.

Үміткер пысықталған өтінімді ақпараттық жүйе арқылы өтінімді пысықтауға жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.

Ұсынылған құжаттардың толықтығын анықтаған жағдайда құрылымдық бөлімше құжаттарды секцияларға қарауға жібереді.

Өтінім толық пысықталмаған кезде құрылымдық бөлімше оны қараусыз қалдырады.

9. Үміткер дұрыс емес мәліметтер ұсынған жағдайда, секциялар Комиссияға осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген мерзімде жазбаша негіздемесімен бірге оны үміткерлер тізімінен шығару туралы ұсыныс береді. Комиссияның шешімі бойынша үміткердің Конкурсқа қатысуына жол берілмейді.

10. Секция қорытындыларының негізінде әрбір үміткер бойынша Комиссия ғылыми жетістіктерді бағалау көрсеткіштеріне сәйкес балдарды есептейді.

Нәтижелер Комиссия айқындаған үміткерлердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштерінің балдары бойынша сараланған тізімдер түрінде ғылым салалары бойынша ақпараттық жүйеде жеке ресімделеді. Нәтижелер әрбір қатысушы мүшенің қолымен расталған секция хаттамасымен бекітіледі және комиссияның қорытынды отырысына қарауға беріледі.

11. Комиссия секциялардың қорытындылары негізінде оларды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сыйлық беру жөніндегі шешімді енгізеді.

Сыйлықтардың жалпы саны ғылымның әр саласы бойынша түскен өтінімдер санына байланысты Комиссияның шешімі бойынша ғылым салалары арасында бөлінеді.

Комиссия шешімінің негізінде уәкілетті орган Сыйлықты беру туралы шешім қабылдайды.

12. Конкурстың қорытындылары уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

14. Конкурс қорытындысы бойынша сыйлық иеленушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын тағайындау туралы" куәлік беріледі және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерінде республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік сыйлық төленеді.

15. Сыйлық бір адамға келесі бес жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

Соңғы бес жылдағы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағының иегерлері аталған конкурсқа қатыспайды.

"Үздік ғылыми қызметкер"  
жыл сайынғы сыйлығын беру  
қағидаларына 1-қосымша

### "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру конкурсына үміткердің өтінімі

Маған – Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) "Үздік ғылыми қызметкер" конкурсына қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

|     |  |
|-----|--|
| 1.  | Жеке куәлігінің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, ЖСН)  |
| 2.  | Туған күні, айы, жылы  |
| 3.  | Жұмыс орны (қысқартуларсыз)  |
| 4.  | Лауазымы (қысқартуларсыз)  |
| 5.  | Білімі (қандай оқу орнын, факультетті қай жылы бітірді)  |
| 6.  | Ғылыми дәрежесі/атағы  |
| 7.  | Марапаттаулар, көтермелеулер (мемлекеттік, ведомстволық)   |
| 8.  | Ғылым саласы   |
| 9.  | ОРКИД (ORCID) (ғылыми авторларды сәйкестендірудің әріптік-сандық коды)   |
| 10. | РисҮчерайди (ResearcherID) (бар болған жағдайда Web of Science (Уэп оф сайнс) базасындағы ғалымның идентификаторы) |
| 11. | Автор айди (Author ID) (Автор айди) (бар болған жағдайда Scopus (Скопус) базасындағы автордың ерекше номері)       |
| 12. | Хирш индексі   |
| 13. | Электрондық мекен-жайы   |
| 14. | Байланыс телефоны (үй, ұялы)   |

"Үздік ғылыми қызметкер"  
жыл сайынғы сыйлығын беру  
қағидаларына 2-қосымша

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі



Министерство образования и науки  
Республики Казахстан

\_\_\_ жылғы "Үздік ғылыми қызметкер" сыйлығын тағайындау туралықуәлігі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ саласындағы жоғары жетістіктері үшін Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) беріледі  
Министр Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК